

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕР УНИВЕРСИТЕТІ

«Халықаралық қатынастар, құқық және бизнес» факультеті  
«Халықаралық бизнес» кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Басқарма-Төрағасы Ректор

С.С. Кунанбаева

2024 ж.



Қазақстан Республикасы орта мектеп түлектері үшін  
математика және география бойынша олимпиада туралы  
Ереже

Алматы 2024

## **1 Жалпы ереже**

- 1.1 Осы ереже **Қазақстан Республикасының орта мектеп түлектері** үшін математика және география пәндері бойынша жыл сайынғы олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу тәртібін реттейді. (бұдан әрі олимпиада).
- 1.2 Олимпиада ұйымдастырушы – Халықаралық бизнес кафедрасы.
- 1.3 Осы ереже математика және география пәндері бойынша олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

## **2 Олимпиада мақсаты мен міндеттері**

Олимпиада өткізу **мақсаты** – мектеп түлектерін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және тілдер университетінің «Бизнес және менеджмент» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасына түсуге тарту, жеке көзқарасты және пәндерге логикалық көзқарасты талап ететін университетке түсу қабілеттерін ашу.

### **Олимпиада міндеттері:**

- Кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде мектеп оқушыларының «Бизнес және менеджмент» білім беру бағдарламасына түсуге қызығушылығын ояту және мектеп оқушыларының жеке қабілеттерін анықтау;
- мектеп оқушыларымен және әлеуетті талапкерлермен жұмыс жасауда орта (толық) жалпы білім беру және жоғары оқу орындарының өзара әрекеттесу нысандарын дамыту;
- мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беруде көмек көрсету;
- пән бойынша білімдерін тексеру;
- мектеп оқушыларын интеллектуалдық өсуге ынталандыру.

## **3 Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

- 3.1 Олимпиаданы дайындау мен өткізуді қамтамасыз ету үшін халықаралық бизнес кафедрасының меңгерушісі және олимпиаданың қазылар алқасы басқаратын ұйымдастыру комитеті құрылады.
- 3.2 Олимпиадаға қатысу үшін жарна алуға жол берілмейді.

## **4 Олимпиада өткізу орыны**

Математика және география пәндері бойынша олимпиада Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің түлектері үшін Google forms платформасында тест түрінде онлайн түрде өткізіледі..

## **5 Олимпиада қазылар алқасы**

- 5.1 Олимпиаданың конкурстық тапсырмаларын әзірлеу, бекіту, тексеру және бағалау және жеңімпаздарды анықтау туралы шешім қабылдау құқығы олимпиаданың қазылар алқасына тиесілі, оның құрамына халықаралық бизнес кафедрасының оқытушылары кіреді.
- 5.2 Орындалған тапсырмаларды бағалау кезінде қазылар алқасы негізгі факторлар ретінде есепке алады:
  - өз бетінше ойланып, қорытынды жасай білу;
  - фактілерді салыстыру және олардың арасындағы байланыстарды анықтау қабілеті;

- әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білу (схемалар, диаграммалар, кестелер, математикалық көздердің мәтіндері);

- арнайы терминологияны меңгеру және іс-шаралар ережелерін сақтау.

**6. Жеңімпаздарды олимпиаданың қорытындысы шығарылғаннан кейін қазылар алқасының өкілдері марапаттайды.**

**7 Олимпиада жеңімпаздарын анықтау және марапаттау**

Олимпиада жеңімпаздары (1, 2, 3 орын) естелік сыйлықтарға ие болады.

**8 Байланыс ақпараты**

«Халықаралық бизнес» кафедрасы- байланыс телефоны: 292-03-84, 292-03-85  
ішкі 3209,3206 немесе 87019999054- Қашқымбаева Күләш Бөгембайқызы